

 <b>ASTANA MEDICAL UNIVERSITY</b>	<p><b>«Астана медицина университеті» КеАҚ</b>  <b>Менеджменттің интеграцияланган жүйесі</b></p> <p><b>«Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің оқулық басылымдарына гриф беру тәртібі туралы ереже</b></p>	<b>E-АсМУ-127-02-24</b> <b>№1 басылым</b> <b>20 беттін 1-беті</b>
---	--	---

**«Астана медицина  
университеті» КеАҚ**  
**Басқармасының**  
**2024 жылғы «26 » қараша**  
**№26 хаттамалық шешімімен**  
**БЕКІТІЛДІ**

**«ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ» ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСТИҢ  
ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТІГІНІҢ  
ОҚУЛЫҚ БАСЫЛЫМДАРЫНА ГРИФ БЕРУ ТӘРТІБІ ТУРАЛЫ**

---



---

**ЕРЕЖЕ**

**E-АсМУ-127-02-24**

**Астана қ.**

Күжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады!



## KIPIСПЕ

### 1. ТОЛЫҚТЫРЫЛДЫ:

— Әдістемелік-ұйымдастыру бөлімі,  
№6 хаттама 2021 жылғы 10 ақпандагы  
Денсаулық сақтау бағыты бойынша ОӘБ  
грифін беру тәртібі туралы ережеге  
толықтырулар  
— Әдістемелік-ұйымдастыру бөлімі  
— «26 » қараша 2024 ж. № 26 хаттамамен  
— «26 » қараша 2024 ж.  
Проректор, Басқарма мүшесі  
В.В. Койков  
Проректор, Басқарма мүшесі  
А.Б. Жунусова  
Проректор, Басқарма мүшесі  
М.А. Газалиева  
Проректор, Басқарма мүшесі  
Д.Д. Сайдангазин  
Каржы директоры, Басқарма мүшесі Б.И.  
Мараджапов  
Күккіткық қамтамасыз ету басқармасының  
басшысы А.К. Мухамбетова  
Сапаны қамтамасыз ету орталығының  
басшысы К.К. Асылбаева  
Мемлекеттік тілді дамыту тобының  
басшысы Б.А. Орынбасарова  
— қажеттілігіне қарай

### 6. ҚАЙТА ҚАРАУ ЖИЛІГІ:

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	<b>«Астана медицина университеті» КеАҚ</b> <b>Менеджменттің интеграцияланған жүйесі</b> <b>«Денсаулық сактау» даярлау бағыты бойынша Республикалық оқу-әдістемелік</b> <b>кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің оқулық басылымдарына гриф беру</b> <b>тәртібі туралы ереже</b>	Е-АсМУ-127-02-24 №1 басылым 20 беттін 2-беті
---	---	--

## Мазмұны

1.	Көлдану саласы.....	3
2.	Нормативтік сілтемелер.....	3
3.	Анықтамалар, белгілер, қыскартулар .....	3
4.	Жалпы ережелер .....	4
5.	Оқулық басылымына ғылыми-медициналық сараптама жүргізу тәртібі.....	5
6.	«Денсаулық сактау» кадрларды даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ грифін беру үшін ұсынылатын құжаттардың тізбесі.....	6
7.	«Денсаулық сактау» кадрларды даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ грифін беру үшін құжаттарды қарастыру тәртібі .....	7
A	қосымшасы (міндепті) .....	8
B	қосымшасы (ұсынылатын) .....	11
C	қосымшасы (міндепті).....	12
D	қосымшасы (міндепті) .....	13
	Қолжазбага рецензия құрастырудың ұсынылатын нысаны .....	13
E	қосымшасы (міндепті).....	14
	Сараптамалық корытындыны жасаудың ұсынылатын нысаны .....	14
F	қосымшасы (міндепті) .....	15
	Шешім.....	15
G	қосымшасы (міндепті).....	16

## 1. Қолдану саласы

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде білім беру процесінде пайдалану үшін оқулық басылымдарына (оның ішінде электрондық) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар «Денсаулық сактау» кадрларын даярлау бағыты бойынша Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің (бұдан әрі – РОӘК ОӘБ) грифін беру тәртібін айқындайды.

2. «Денсаулық сактау» кадрларын даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ грифін беру жұмыс органы жүргізетін оқулық басылымының ғылыми-медицинадық сараптамасы негізінде жүзеге асырылады. Ғылыми-медицинадық сараптама нәтижелері негізінде «Денсаулық сактау» кадрларын даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ басшылығы ізделіп отырған грифті беру немесе беруден бастарту туралы шешім қабылдайды. Шешімді «Денсаулық сактау» кадрларын даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ төрағасы, ол болмаған кезде оның орынбасары бекітеді.

3. Ғылыми-медицинадық сараптама жүргізу жөніндегі жұмыс органды КР ДСМ «Салидат Қайырбекова атындағы Ұлттық ғылыми денсаулық сактауды дамыту орталығы» ШЖҚ РМК (бұдан әрі – КР ДСМ ҰФДСДО) болып табылады.

## 2. Нормативтік сілтемелер

4. Осы ереже мынадай құжаттар негізінде әзірленді:

5. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заны (01.09.2024 жылғы өзгерістермен және толықтырулармен).

6. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары оқу орнынан кейінгі білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы (27.08.2024 жылғы өзгерістермен және толықтырулармен).

7. МЕМСТ 7.60 – 2003. Басылымдар. Негізгі түрлері. Терминдер мен анықтамалар.

## 3. Анықтамалар, белгілер, қыскарған сөздер

### 8. Анықтамалар:

1) Оқулық басылымы – оқуға және оқытуға ынғайлы нысанда баяндалған, білім алушыларға есептелген ғылыми немесе қолданбалы сипаттағы жүйеленген мәліметтерді қамтитын басылым.

2) Оқулық – оқу бағдарламасына сәйкес оқу пәнінің жүйелі мазмұнын қамтитын және басылымының осы түрі ретінде рееси түрде бекітілген оқулық басылымы.

3) Оқу құралы – оқу пәнінің бір бөлігін көрсететін және басылымының осы түрі ретінде рееси түрде бекітілген оқулық басылымы.

4) Практикум – өткен материалды бекітуге және білімді әртүрлі әдістермен тексеруге арналған оқу-практикалық басылым. Өткен материалдың игерілуіне ықпал ететін практикалық тапсырмалар мен жаттығулардан тұрады. «Денсаулық сактау» кадрларын даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ грифін беру үшін қабылданатын практикумдардың негізгі түрлері – жаттығулар жинақтары, тапсырмалар жинағы (тапсырмалар жинағы), зертханалық практикумдар.

5) Электрондық басылым – пайдалану үшін есептеу құралдарын қажет ететін басылым.

### 9. Қыскарған сөздер:

МЖМБС – Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;

ОӘБ – Оқу-әдістемелік бірлестік;

РОӘК – Республикалық оқу-әдістемелік кеңес;

ББ – Білім беру бағдарламасы;

ФМС – Ғылыми-медицинадық сараптама.

#### 4. Жалпы ережелер

10. «Денсаулық сактау» кадрларын даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ грифі жоғары және жоғары оку орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттары бойынша ББ оку жоспарында белгіленген пәндер (модульдер) бойынша оқыту үшін оқулық басылымдарына (оның ішінде электрондық) берілуі мүмкін.

11. Оқулық басылымына **А қосымшасына** сәйкес санаттар берілуі мүмкін.

12. Гриф өзінің мазмұны мен құрылымы бойынша мынадай талаптарға сәйкес келетін оқулық басылымына берілуі мүмкін:

- 1) оқулық басылымының колжазбасы монографиялық сипатта болмауы тиіс;
- 2) оку процесінде сынақтан өткен теориялық (дәрістік) материалдың болуы;
- 3) бақылау сұраптары, өзін-өзі бақылауға арналған тапсырмалар және ұсынылатын әдебиеттер (мәтіндік және электрондық ресурстар) белгілі бір теориялық модуль (такырыптар блогы) аяқталғаннан кейін енгізілуі керек.

13. «Денсаулық сактау» кадрларын даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ берілетін грифи мынадай тұжырымдардың біріне ие:

1) «Денсаулық сактау» кадрларын даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ оқулық басылымы ретінде (оқулық басылымының түрін көрсету), білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылар үшін (бұдан әрі КР жоғары және жоғары оку орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының жіктеуішіне сәйкес бағыттың атауы және ББ көрсетіледі) ұсынылды.

2) «Тұжырымдамалық-мазмұндық тұрғыдан (немесе әдістемелік немесе техникалық) пысықтаудың қажеттілігі себебінен «Денсаулық сактау» кадрларын даярлау бағыты бойынша білім алушылар үшін оқулық басылымы ретінде (оқулық басылымының түрін көрсету), білім беру бағдарламасы бойынша РОӘК ОӘБ ұсынылмайды (бұдан әрі КР жоғары және жоғары оку орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының жіктеуішіне сәйкес бағыттың және ББ атауы көрсетіледі).

14. «Денсаулық сактау» кадрларын даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ ұсынбаған оқулық басылымы (оның ішінде электрондық) «Денсаулық сактау» кадрларын даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ хаттамалық шешімінде көрсетілген ескертулер бойынша пысықталғаннан кейін қайта қарауға ұсынылуы мүмкін. Қабылданбағаннан кейін уш айдан ерте емес мерзімде қайта ұсынылуы мүмкін. Қайта қарау жалпы негіздерде жүзеге асырылады.

15. Плагиат анықталған жағдайда (мәтіннің бірегейлігі 70% - дан аз) баспа басылымының колжазбасы «Денсаулық сактау» кадрларын даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ грифін беру үшін қайта қарау құқығынсыз қабылданбайды.

16. «Денсаулық сактау» кадрларын даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ грифі осы оқулық басылымының (оның ішінде электрондық) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының, негізгі оку жоспарының, СМЖ (сапа менеджменті жүйесі) нормативтік құжаттарының талаптарына және саралтама жүргізу кезінде РОӘК ОӘБ белгілеген басқа да талаптарға сәйкес келетіндігін күәландырады (**А қосымшасы**).

17. Электрондық басылым бағдарламалық өнімнің жалпы сапа көрсеткіштері мен функционалдық параметрлеріне сәйкес келуі керек (**В қосымшасы**).

18. Баспа оқулық басылымдары үшін «Денсаулық сактау» кадрларды даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ грифінің мәтіні титул параграфының алдыңғы жағында орналастырылады.

19. Электрондық басылымда «Денсаулық сактау» кадрларын даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ грифінің мәтіні субтитрлік деректерде (желілік басылымға арналған аннотацияда, орауыш кораптың алдыңғы жағында, компакт-дискинің қосымша бетінде, пайдаланушы нұсқаулығының титулдық бетінде және т.б.) орналастырылады.

20. Грифтің редакциясы баспағер немесе автор (авторлар) тарапынан өзгерілмейді.

21. «Денсаулық сактау» кадрларын даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ грифін беру үшін

оқулық басылымдарын қараудың негізгі кезеңдері:

- 1) Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № КР ДСМ-239/2020 бұйрығына және КР Денсаулық сактау вице-министрінің 23.07.2021 жылғы №439 бұйрығына сәйкес КР ДСМ ҰФДСДО оқулық басылымына ғылыми-медицинадық сараптама жүргізу;
- 2) «Денсаулық сактау» кадрларын даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ материалдарды қарау және шешім қабылдау.

22. Оқулық басылымын (оның ішінде электрондық басылымды) қарау және «Денсаулық сактау» кадрларын даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ грифін беру туралы шешім қабылдау бойынша жұмыстарды жүргізудің ең ұзақ мерзімі өтініш келіп түсken сәттен бастап екіншінен кейін аспайды (берілген ескертулерге сәйкес өтініш берушілердің оқулық басылымдарын пысықтау уақытын есепке алмағанда).

23. «Денсаулық сактау» кадрларын даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ грифін беру туралы шешім тиісті ББ колданылу кезеңі ішінде жарамды.

24. Электрондық басылымдарға арналған грифтін колданылу мерзімі-5 жыл. Осы мерзім өткеннен кейін ұсыным грифін алуға құжаттарды ұсынууды кайта бастау кажет.

25. «Денсаулық сактау» кадрларын даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ грифін алғаннан кейін оқулық басылымы мен электрондық оқулық басылымы бір жыл ішінде шығарылуы (диск әзірленуі немесе ЖОО-ның білім беру серверінде немесе интернет желісінде желілік нұсқасы орналастырылуы) тиіс.

## 5. Оқулық басылымына ғылыми-медицинадық сараптама жүргізу тәртібі

26. Өтініш беруші (автор, авторлық ұжым) КР ДСМ ҰФДСДО-ға қағаз және/немесе электрондық тасымалдағышта жолдайды:

- 1) оқулық басылымының қолжазбасы;
- 2) әзірлеушінің (жеке тұлғалар үшін) және (немесе) әзірлеушінің бірінші басшысының (занды тұлғалар үшін) қолы қойылған ілеспе хат;
- 3) лауазымы, жұмыс орны, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, байланыс деректері көрсетілген авторлар мен рецензенттер туралы акпарат;
- 4) болжамды таралымы және шығарылған жылы, пәннің атауы туралы акпарат (осы пән жататын циклды, оқулық басылымы дайындалған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының тиісті жіктеуіші бойынша кодты көрсете отырып);
- 5) ұйымның консультативтік-кеңесші органы отырысының хаттамасынан үзінді;
- 6) FMC обьектісі ұсынылған ғылыми зерттеулер саласында ғылыми-зерттеу жұмысының тәжірибесі бар Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау ұйымдарының тәуелсіз құзыретті мамандарының екі рецензиясы: біреуі өтініш берушімен бір ЖОО-да (ғылыми ұйымда) жұмыс істейтін ішкі маманнан, екіншісі-басқа ЖОО-да (ғылыми ұйымдарда) жұмыс істейтін сыртқы маманнан.
- 7) терминологиялық комиссияның корытындысы (мемлекеттік тілдегі жұмыстар үшін).

27. КР ДСМ ҰФДСДО Қазақстан Республикасы Денсаулық сактау министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № КР ДСМ-239/2020 «Ғылыми-медицинадық сараптаманы жүргізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығымен (бұдан әрі – № КР ДСМ-239/2020 бұйрығы) бекітілген тәртіпке сәйкес Денсаулық сактау практикасына енгізу үшін жоспарланатын ғылыми-медицинадық әзірлемелер үшін оқулық басылымын FMC өткізу ұйымдастырады.

28. КР ДСМ ҰФДСДО оқулық басылымын FMC өткізу шарттық негізде жүзеге асырылады. Қызмет көрсете күні жұмыс органы бекіткен тиісті күнтізбелік жылға бағалар прейスクрантына сәйкес айқындалады.

29. КР ДСМ ҰФДСДО FMC өткізу кезінде FMC критерийлерін және оқулық басылымының мазмұнына сараптамалық корытынды жасау критерийлерін басшылыққа алады (Е қосымшасы).

30. Объектілердің барлық тұрларін FMC қарау және өткізу мерзімі оқулық басылымын әзірлеушімен шарт жасалған күннен бастап 25 жұмыс күнінен аспайды.

31. № КР ДСМ-239/2020 бұйрығына сәйкес, КР ДСМ ҰФДСДО оқулық басылымының объективті FMC өткізу мақсатында авторлар мен тәуелсіз сарапшылар туралы деректердің күпиялышын қатаң сактауды қамтамасыз етеді. Мұдделер қақтығысының туындаудың болдырмау үшін оқулық басылымының авторлары мен сарапшылары туралы ақпарат жария етілмейді.

32. Оқулық басылымының FMC нәтижесі мынадай шешімдердің бірімен қорытынды түрінде ресімделеді:

1) «Денсаулық сактау» кадрларын даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ грифін беруге оқулық басылымын ұсыну (шешім оқулық басылымының «Денсаулық сактау» кадрларды даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ грифін беруге үміткер оқулық басылымдарына койылатын барлық талаптарға сәйкестігі және плағиат фактілерінің болмауы негізінде қабылданады);

2) ғылыми-медицинадық сараптама объектісін шығарылған ескертулерге сәйкес пысықтауға жіберу (шешім оқулық басылымы «Денсаулық сактау» кадрларын даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ грифін беруге үміткер оқулық басылымдарына койылатын талаптарға сәйкес келмеген кезде қабылданады);

3) ғылыми-медицинадық сараптама объектісін одан әрі қараудан бас тарту (шешім плағиат фактілерінің болуы және «Денсаулық сактау» кадрларын даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ грифін беруге үміткер оқулық басылымдарына койылатын талаптарға елеулі сәйкесіздіктердің болуы негізінде және жұмысты КР ДСМ ҰФДСДО-ға қайта енгізгеннен кейін жойылмаган кезде қабылданады).

## 6. «Денсаулық сактау» кадрларын даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ грифін беру үшін ұсынылатын құжаттардың тізбесі

33. КР ДСМ ҰФДСДО өтініш беруші ретінде, «Денсаулық сактау» кадрларын даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ грифін беру туралы мәселені шешу үшін РОӘК ОӘБ төрағасының атына мынадай материалдарды жібереді:

1) Илеспе хат, онда басылым туралы қысқаша мәліметтер, оның шығу деректері (колжазбаның немесе электрондық басылымын атап, автордың (авторлардың) және рецензенттердің тегі, аты, әкесінің аты, жоспарланған таралымы мен шығарылған жылы, баспа табактарындағы немесе байттардағы көлемі), жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының жіктеуішінің кодын және осы басылым дайындалған пәннің атапуын көрсете отырып, білім беру бағдарламасының атапу (бұл пән кай бөлікке – міндettі және вариативті бөлікке жататының көрсете отырып), жауапты орындаушының тегі, аты, әкесінің аты, байланыс деректері көрсетіледі (**С қосымшасы**).

2) «Денсаулық сактау» кадрларын даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ грифін оқулық басылымына беру туралы ұсыныспен КР ДСМ ҰФДСДО берген оқулық басылымына FMC қорытындысы.

3) Оқулықка арналған кемінде 9 авторлық баспа параграфы және оқу құралы мен практикумға арналған 6 авторлық баспа параграфы көлеміндегі баспа оқулық басылымының колжазбасы.

4) Баспа оқулық басылымының А4 және А5 форматында ұсынылуы мүмкін.

5) Нөмірлеуді 3-беттен бастау керек (жұп және тақ беттерді ескере отырып, беттің төменгі бөлігінің ортасында немесе шетінде, тақ бетте – он жакта, жұп бетте – сол жакта (айна кескіні). Беттердің нөмірленуі қолжазба терілген каріппен койылады.

6) Жиектері: жоғарғы, төменгі, он, сол жактан – 2 см. Жоларадық интервал – бір.

7) Тақырыптар калың каріппен: тараулар мен бөлімдер – ұлкен әріптермен, бөлімдер, параграфтар – кіші әріптермен жазылады.

8) Табуляция (абзац шегінісі) 1 см (5 таңба) болуы керек.

9) Әрбір бөлімшеден кейін бақылауға арналған сұралктар тізімін косу қажет (кемінде 5).

10) Ұсынылатын әдебиеттер оқулық басылымының соңында ресімделеді: 5 негізгі дереккөзден артық емес және 10 қосымша.

11) А5 форматы үшін (148x210 мм): негізгі қаріп – 12 (Times New Roman – орыс тілінде, Kz Times New Roman – қазак тілінде). Қомекші қаріп – 10 (кестелердегі мәтін, ескертпе, мазмұны, библиография, суреттерге жазулар).

12) А4 форматы үшін (210x297 мм): Негізгі қаріп 14 (Times New Roman – орыс тілінде, Kz Times New Roman – қазак тілінде). Қомекші қаріп 12 (кестелердегі мәтін, ескертпе, мазмұны, библиография, суреттерге жазулар).

34. Баспа оқулық басылымы электронды (PDF форматында) редакторлық өндеусіз авторлық колжазба түрінде беріледі.

35. Электрондық басылым пайдаланушының нұсқаулығымен, бағдарламалық қамтамасыз етуге койылатын талаптармен және т.б. екі данада электрондық тасымалдағыштағы жұмыс нұсқасы түрінде ұсынылады.

36. Оқулық басылымының (немесе электрондық басылымының) мазмұнына екі рецензия. Бір рецензия өтініш берушімен бір ЖОО-да (ғылыми ұйымда) жұмыс істейтін маманнан, біреуі басқа ЖОО-да (ғылыми ұйымдарда) жұмыс істейтін маманнан беріледі. Рецензияларды тиісті білім саласындағы ғылыми немесе академиялық дәрежесі бар мамандар ұсынады.

37. Рецензияларда оқулық басылымының құрылымы мен мазмұнының оку бағдарламасына және ғылым мен техниканың қазіргі даму деңгейіне, баяндатын материалдың жаңалығына және оның практикалық маңыздылығына сәйкестігі негізінде гриф берудің орындылығы расталуы тиіс (**D қосымшасы**).

38. Оқулық басылымы әзірленген пәннің оку бағдарламасы (ББ, силлабус көшірмесі).

39. «Денсаулық сақтау» кадрларын даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ грифін берудің орындылығын растайтын алқалы-кеңесші органының (Ғылыми кеңестің) отырысы хаттамасынан үзінді көшірмелер.

## **7. «Денсаулық сақтау» кадрларын даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ грифін беру үшін құжаттарды қарау тәртібі**

40. «Денсаулық сақтау» кадрларын даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ-ге келіп түсken қолжазбалар мен электрондық басылымдар тіркеуден өтеді және «Денсаулық сақтау» кадрларды даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ-нің кезекті отырысында қаралады.

41. «Денсаулық сақтау» кадрларын даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ грифін беру туралы шешім өтініш берушіге шешім-хат немесе бас тарту туралы корытынды-хат түрінде беріледі. Хаттарға «Денсаулық сақтау» кадрларын даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ төрағасы/орынбасары мен хатшысы кол кояды (**F қосымшасы**).

42. «Денсаулық сақтау» кадрларын даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ грифі берілген оқулық басылымдары бойынша материалдар «Денсаулық сақтау» кадрларды даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ-де 5 жыл бойы сақталады.

43. Гриф алғаннан кейін оқулық басылымы 1 ай ішінде шығарылуы тиіс.

44. Автор, авторлық ұжым «Денсаулық сақтау» кадрларын даярлау бағыты бойынша Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігіне оқулық басылымының бір данасын ол жарыққа шықкан күннен бастап бір ай мерзімде ұсынуға міндетті.

45. ҚР ДСМ ҰФДСДО «Денсаулық сақтау» кадрларын даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ шешімі негізінде грифі бар оқулық басылымдары бойынша деректер базасын құрады және жыл сайын оның мазмұны туралы жоғары оку орындарын хабардар етеді.



«Денсаулық сактау» даярлау бағыты бойынша Республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің оқулық басылымдарына гриф беру тәртібі туралы ереже

**А қосымшасы (міндетті)**

«Денсаулық сактау» кадрларын даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ гриф беруге үміткер оқулық басылымдарына койылатын талаптар

Оқулық басылымының түрі	Сипаттамалары	Негізгі мақсаты	Оқу пәнімен байланысы	Құрылымға койылатын талаптар	Мазмұнына койылатын талаптар	Қосымша
1	2	3	4	5	6	7
Оқулық	Оқу бағдарламасына сәйкес келетін және басылымның осы түрінде ресми түрде бекітілген міндетті оқу пәнінің жүйелі мазмұнын қамтитын оқулық басылымы.	Оқу пәндері бойынша білімді зерделеуді және менгеруді қамтамасы з ету	Оқу пәніне 90%-га сәйкес келеді және одан астам	1. Титул парагы 2. Мазмұны 3. Кіріспе (басылымның өзектілігі, пәндік сипаттамасы) 4. Басылымның негізгі мәтіні 5. Фигурами-пәндік білім жүйесі 6. Аппараттың толықтырылғаны 7. Корытынды (акпараттың жалпылау, тұжырымдар, даму үрдістері, ұсынымдар) 8. Өдебиеттегі різімі (соның ішінде автордың жарияланымдары)	Оқулыктың мазмұны КР ФЖБМ МЖМБС талаптарын канагаттандырады; Қазақстан Республикасындағы Ұлттық біліктілік шенбері; Қазақстан Республикасындағы салалық біліктілік шенбері, Кәсіби стандарт және оқу пәні бойынша бағдарламаны толық ашады. Білім алушылардың менгеруі үшін міндетті базалық білім жүйесі бағандалады. Бөлімдер бақылау сұраптарымен немесе тапсырмалармен бірге жүреді.	Көлемі 9 п. кем емес  Оқулыктың атаяуы пәннің атаяуына сәйкес келуі керек  Басылымды расімдеу сапасы (казак, ағылшын, орыс тілдерінің нормаларын сактау, дизайн)

ASTANA MEDICAL  
UNIVERSITY

**«Астана медицина университеті» КеАК  
Менеджменттің интеграцияланған жүйесі**

**«Денсаулық сақтау» даярлау бағынша Республикалық оқу-әдістемелік  
кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің оқулық басылымдарына гриф беру  
тәртібі туралы ереже**

E-AcMU-127-02-24

№1 басылым

20 беттің 9-беті

Оқулық басылымының типі	Сипаттамаларды	Негізгі мақсаты	Оқу пәнімен байланыс	Құрылымға койылатын талаптар	Мазмұнына койылатын талаптар	Қосымша
1	2	3	4	5	6	7
Оқу құралы	Міндепті немесе электив оқу пәнінің бір бөлігін көрсететін және басылымның осы түрі ретінде ресми түрде бекітілген оқулық басылымы.	Оқу пәні бойынша білімді зерделеуді және менгеруді камтамасыз ету	Оқу пәніне 50%-га сәйкес келеді және одан астам	1. Титул парагы 2. Мазмұны (мазмұны) 3. Кіріспе (басылымның мақсаты (міндепті), оқу бағдарламасына сәйкестігі өзектілігі, жаңалық дәрежесі, авторлық тұжырымдаманың ерекшеліктері, басылымның пәндейк сипаттамасы) 4. Басылымның негізгі мәтіні ғылыми-пәндейк білім жүйесі болып табылады (мәтіннің негізгі құрылымдық элементтері дидактикалық аппаратпен аяқталады). 5. Қорытынды (аппаратты жинақтау, корытындылар, даму үрдістері, ұсынымдар) 6. Әдебиеттер тізімі (соның ішінде автордың жарияланымдары) 7. Глоссарий және қосымша (факультативтік)	Оқу құралының мазмұны КР ФЖБМ МЖМБС талаптарын канагаттандырады; Қазақстан Республикасындағы Ұлттық біліктілік шенбері; Қазақстан Республикасының салалық біліктілік шенбері, Кәсіби стандарт және оқу пәні бойынша бағдарламаны толық ашады. Білім алушылардың менгеруі үшін міндепті базалық білім жүйесі баяндалады. Бөлімдер бақылау сұраптарымен немесе тапсырмалар мен бірге жүреді.	Көлемі кемінде 6 п.  Оқу құралының атауы пәннің атауына сәйкес келуі керек  Басылымды рәсімдеу сапасы (казак, ағылшын, орыс тілдерін нормаларын сактау, дизайн)

ASTANA MEDICAL  
UNIVERSITY

**«Астана медицина университеті» КеАК  
Менеджменттің интеграцияланған жүйесі**

**«Денсаулық сақтау» даярлау бағытынша Республикалық оқу-әдістемелік  
кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің оқулық басылымдарына гриф беру  
тәртібі туралы ереже**

E-AcMU-127-02-24

№1 басылым

20 беттін 10-беті

Оқулы к басыл ымын ың турі	Сипаттамал ары	Негізгі мақсаты	Оқу пәнімен байланыс	Құрылымға көйілатын талаптар	Мазмұнына көйілатын талаптар	Қосымша
1	2	3	4	5	6	7
Практикүм	Өткен материалды бекітуге және білімді әртүрлі әдістермен тексеруге арналған оқу-практикалық басылым. Өткен материалдардың игерілуіне ықпал ететін практикалық тапсырмалар мен жаттығулардан тұрады.. «Денсаулық сақтау» кадрларын даярлау бағытынша РОӘК ОӘБ грифин беруге кабылданатын практикумдардың негізгі түрлері – жаттығулар жинағы, тапсырмалар жинағы (тапсырмалар кітабы), зертханалық практикумдар.	Дағдыларды калыптастыруды қамтамасы з ету, теориялық материалды бекіту	Оқу пәніне 30% -га сәйкес келеді және одан астам	1) Титул парагы 2) Алғы сөз (оқу пәнінің мақсаты, әдістемелік нұсқаулар) 3) Негізгі мәтін (қыскаша теориялық блок, практикалық тапсырмалар мен жаттығулар жүйесі әдістемелік нұсқаулар) 4) Қорытынды 5) Әдебиеттер тізімі 6) Қосымшалар (аныктамалық-илеспе аппарат)	Қысқаша теориялық бөлім мен әдістемелік нұсқауларды – практикалық тапсырмалар немесе жаттығуларды қамтиды	Көлемі кемінде 6 п.  Басылымның ресімделу сапасы (казак, ағылшын, орыс тілдерінің нормаларын сақтау, дизайн)



**В қосымшасы (ұсынылатын)**

**Бағдарламалық өнім ретінде электрондық басылым сапасының критерийлері.**

**Электрондық басылымның пысықталу деңгейін сипаттайтын сапаның жалпы  
көрсеткіштері:**

- Барлық қарастырылған құрамдастардың, аудиосуардың, сілтемелердің және т.б орындалуы.
- Бағдарлама жұмысында ақаулардың болмауы.
- Электрондық оқулық басылымына арналған құжаттамада көзделген электрондық құрылғылардың барлық түрлерінде іске асырылуы.
- Электрондық басылымды пайдалану кезінде барлық қажетті әрекеттерді орындауға мүмкіндік беретін құжаттаманың толықтыры.

**Функционалдық параметрлер:**

- Оқытылатын материалдың жүйелілігі мен құрылымы.
- Электрондық басылымның бөлімдері бойынша навигацияның қарапайымдылығы.
- Оқыту жөніндегі ақпаратты ұсынудың көрнекілігі.
- Электрондық басылымның интерактивті компоненттерінің пайдаланушылардың іс-әрекеттеріне реакциясының барабарлығы мен жеделдігі.
- Білім алушының өзіндік жұмысын белсендендіру құралдары.



С косымшасы (міндетті)  
Отініш берушінің ілеспе хатының үлгісі

«Астана медицина университеті» КеАҚ  
базасында «Денсаулық сактау» кадрларын  
даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ  
терағасына

Сізге жіберілетін оқулық басылымы (оқулық басылымының түрін көрсету)  
«\_\_\_\_\_», автор(лары) (Т.А.Ә.) (ББ атапуын және дайындық бағытын көрсету) білім  
беру бағдарламасы бойынша оқу жоспарына сәйкес дайындалды.

Оқулық басылымының колжазбасы (оқулық басылымының түрін көрсету) әдістемелік  
кеңестің «\_\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ жылғы №\_\_\_\_\_ хаттама отырысында қаралып, «Денсаулық сактау» кадрларын  
даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ грифін беруге ұсынылды.

Оқулық басылымының көлемі (оқулық басылымының түрін көрсету) \_\_\_\_\_ баспа табак,  
болжамды таралымы \_\_\_\_\_ дана.

Оқулық басылымына (оқулық басылымының түрін көрсету) он нәтижелі рецензиялар бар  
(коса беріледі).

Жоғарыда айтылғандардың негізінде «\_\_\_\_\_» (оқулық басылымының түрін көрсету)  
оқулық басылымына ББ бойынша «Денсаулық сактау» кадрларын даярлау бағыты бойынша  
РОӘК ОӘБ грифін беруінізді сұраймыз.

«Салидат Қайырбекова атындағы ҰҒДСДО»  
Баскарма терағасының орынбасары

\_\_\_\_\_  
T.A.Ә.

### D қосымшасы (міндетті)

#### Колжазбага рецензия құрастырудың ұсынылатын нысаны

Бастапқы деректер:

1. Колжазбаның атауы, ұсынылған таралымы және шығарылу жылы.
2. Автордың (авторлардың) тегі, аты, әкесінің аты, ғылыми дәрежесі мен атағы, жұмыс орны мен лауазымы.
3. Колжазба дайындалған мамандықтың атауы және шифры.
4. Өтініш беруші сұратқан гриф редакциясы.

Мазмұндық болімі:

5. Колжазбаның құрылымы мен мазмұнын бағалау.
6. Колжазба мазмұнының МЖМБС-ке, ББ оқу жоспарына, пәннің оқу бағдарламасына сәйкестік дәрежесі.
7. Колжазбаның колда бар әдебиеттерден айырмашылығы, оның сабактастық дәрежесі.
8. Колжазба мазмұнының ғылыми деңгейі.
9. Практикалық мәселелерді менгеру дәрежесі, олардың өзектілігі.
10. Материалдың әдістемелік деңгей, оның білім беру технологияларына бейімдігі.
11. Баяндалған материалды түсіндіруге және оны қолдануға койылатын психологиялық-педагогикалық талаптардың сакталуы дәрежесі.
12. Колжазбаға гриф берудің орындылығы (орынсыздығы).

Сараптау тобының төрағасы

Сараптау тобының құрамы

Хатшы

Ұйымның мөрі

 <b>ASTANA MEDICAL UNIVERSITY</b>	<b>«Астана медицина университеті» КеАК</b> <b>Менеджменттің интеграцияланган жүйесі</b> <b>«Денсаулық сақтау» даярлау бойынша Республикалық оқу-әдістемелік</b> <b>кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің оқулық басылымдарына гриф беру</b> <b>тәртібі туралы ереже</b>	<b>E-AcMU-127-02-24</b> <b>№1 басылым</b> <b>20 беттің 14-беті</b>
--	--	--

**Е қосымшасы (міндетті)**  
**Сараптамалық қорытындының үлгісі**

**Оқулық басылымының (қолжазбаның немесе электрондық басылымның)  
мазмұнына сараптамалық қорытындыны жасаудың ұсынылатын нысаны**

1. Қолжазбаның атавы, болжамды таралымы және шығарылу жылы.
2. Автордың (авторлардың) тегі, аты, әкесінің аты, ғылыми дәрежесі мен атағы, жұмыс орны, лауазымы.
3. Рецензенттер (Т.А.Ә., жұмыс орны, лауазымы, ғылыми дәрежесі және атағы)
4. Пәннің атавы (осы пән жататын циклді, оқулық басылымы дайындалған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының тиісті жіктеуіші бойынша кодты көрсете отырып).
5. Оқулық басылымының жұмыс тұжырымдамасын ҚР ФЖБМ МЖМБС; Қазақстан Республикасындағы ЖБ Ұлттық біліктілік шенбері; Қазақстан Республикасының салалық біліктілік шенбері, Қесіби стандартқа сәйкестігі түрғысынан бағалау.
6. Оқулық басылымының мазмұнын қазіргі ғылыми деңгейге (осы бағыт бойынша); оқытудан күтілетін нәтижелерге; олардың кол жетімділігін бағалаудың объективті критерийлеріне сәйкестігін бағалау.
7. Теориялық білімге, оны талдау мен түрлендірудің әдістемесіне, оны пайдаланудың практикалық дағдыларына сүйене отырып, қәсіби салаға қатысты накты өнімді жасау кабілетін кальпастастыруға бағытталғандығы.
8. Оқулық басылымында оқу материалын ұсынудың және өзектендірудің әдістемелік жүйесін, оның құзыреттілікке бағытталған білім беру технологияларына бейімделуін бағалау.
9. Оқулық басылымының мазмұны мен ресімделуіне қойылатын психологиялық-педагогикалық талаптардың сакталу дәрежесі.
10. Грифті берудің орындылығы (орынсыздығы).

Сараптау тобының төрағасы

Сараптау тобының құрамы

«Салидат Қайырбекова атындағы ҰФДСДО»  
 Басқарма төрағасының орынбасары

Ұйымның мөрі

 ASTANA MEDICAL UNIVERSITY	<b>«Астана медицина университеті» КеАҚ</b> <b>Менеджменттің интеграцияланган жүйесі</b> <b>«Денсаулық сактау» даярлау бағыты бойынша Республикалық оқу-әдістемелік</b> <b>кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігінің оқулық басылымдарына гриф беру</b> <b>тартибі туралы ереже</b>	E-AcMU-127-02-24 №1 басылым 20 беттің 15-беті
--	---	---

**F қосымшасы (міндетті)**

Үлгі

«Денсаулық сактау» кадрларын даярлау бағыты бойынша РОӘК ОӘБ  
грифін беру туралы шешім

Казақстан Республикасының  
Ғылым және жоғары білім  
министрлігі

«Астана медицина университеті»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамы

«Денсаулық сактау» кадрларын даярлау бағыты бойынша

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСТІН**  
**ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК БІРЛЕСТИГІ**

№ \_\_\_\_ Шешім

« \_\_\_\_ » 20 \_\_\_\_ ж.

РОӘК ОӘБ № \_\_\_\_ хаттама

« \_\_\_\_ » 20 \_\_\_\_ ж.

**«Денсаулық сактау» кадрларын даярлау бағыты бойынша**  
**РОӘК ОӘБ грифін беру туралы**

шешім № \_\_\_\_

КР ДСМ «Салидат Қайырбекова атындағы Денсаулық сактауды дамытудың ұлттық ғылыми  
орталығы» ШЖҚ РМК-ның \_\_\_\_ жылғы № \_\_\_\_ сараптамасының және он корытындысының негізінде «Астана  
медицина университеті» КеАҚ базасында «Денсаулық сактау» кадрларын даярлау бағыты бойынша  
республикалық оқу-әдістемелік кеңестің оқу-әдістемелік бірлестігі, «Денсаулық сактау» кадрларын даярлау  
бағыты бойынша РОӘК ОӘБ оқулық/оқу құралы ретінде гриф беру туралы шешім қабылдады:

(авторлардың аты-жөні және оқулық басылымының атауы)

РОӘК ОӘБ төрағасы/төраға орынбасары

РОӘК ОӘБ хатшысы



### G қосымшасы (міндепті)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ФЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ

Автор немесе авторлар тобы

### ОҚУЛЫҚ БАСЫЛЫМЫНЫҢ АТАУЫ

(дайындық бағытын, ББ көрсету) бағыты бойынша білім алушыларға арналған оқулық басылымы)

«РОӘК ОӘБ «Денсаулық сақтау» кадрларын даярлау бағыты бойынша білім алушыларға арналған  
оқулық басылымы (оқулық басылымының түрін көрсету) ретінде ұсынады.  
«\_\_\_» \_\_\_\_ 202\_\_ жылғы №\_\_ хаттама.

Қала, 202\_ж.